

**Төлеубекова Еркежан Мұратқызы**

**Салық қызметі органдары жұмысының тиімділігін бағалау және оны  
оңтайландыру жолдары (Семей қ-сы, «Мемлекеттік кірістер басқармасы»  
РММ материалдарында)**

**6М050900 – «Финансы»**

Қаржы бағытындағы Экономика ғылымдарының магистрі дәрежесін  
ізденуге дайындалған диссертацияның

**РЕФЕРАТЫ**

Семей, 2018 ж.

Ғылыми жетекшісі:

PhD докторы Аимкулов Р.А.

Ресми оппонент:

Экономика ғылымдарының  
кандидаты Хасенова К.Е.

Қорғау «\_\_\_»\_\_\_\_\_ 2018 жылы сағат \_\_\_\_ Қазақстан инновациялық университетінің Экономика ғылымдарының магистрі академиялық дәрежесін іздену жөніндегі 6M050900 – «Қаржы» магистерлік диссертацияны қорғау бойынша мемлекеттік аттестациялау комиссияның мәжілісінде өткізіледі. Мекен-жайы: 071400, Семей қаласы, Байсейітова 5А көшесі.

Диссертациямен Қазақстан инновациялық университетін кітапханасында танысуға болады ( Байсейітова, 5 к-сі) ҚИУ сайтында: <http://www.info@kiu.kz>

Реферат сайтта орналастырылған  
<http://www.info@kiu.kz/>

«\_\_\_»\_\_\_\_\_ 2014 г.

Экономика кафедрасының меңгерушісі  
Доктор PhD

Б.Қ. Қадыров

## Кіріспе

Диссертацияның мөлшері мен құрылымы, суреттердің, қолданылған әдебиеттер тізімінің саны. Диссертацияның құрылымы зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттерімен анықталды және зерттеу тақырыбын ашуға бағытталған. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш негізгі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, 4 қосымшадан тұрады, жұмыстың мәтіні 89 бет, оған 4 сурет, 5 кесте, 36 әдебиет көзі кірген.

Негізгі сөздер тізімі: Салық қызметі, салық салу, тексерістер, салықтық әкімшілендіру, салық жүйесі, мемлекеттік кірістер басқармасы.

Зерттеу жұмысы тақырыбының өзектілігі. Салық салу қоғамның белгілі бір даму кезеңіне, мемлекеттің құрылысына, қалыптасқан қоғамдық дәстүрлерге, мемлекет экономикасы мен фискальдық саясатының мән-жайына, билік етуші тармақтардың өктем өкілеттіктерінің демократиялық деңгейіне, нақты қалыптасқан әлеуметтік, саяси және әкімшілік жағдайларға қарай жүзеге асырылады. Нақтырақ айтқанда салықты мемлекеттің экономикалық әлеуетінің функциясы деп санауға болады. Демек, мемлекеттің материалдық мүддесі мен қоғам өмірінің айрықша аясының тоғысатын жері, көбінесе объективті қаржылық-құқықтық құбылыс ретінде көрініс табатын салық салу аясы әрқашан да мемлекеттің салықтық құқығының реттеуші ықпалының ауқымы болып табылады.

Салықтық қызмет – уәкілетті мемлекеттік органдар мен салық органдарынан құрылатын органдардың жиынтығы. Салық қызметі органдары Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде жүктелген міндеттерді іске асыруды салық кодексінде белгіленген тәртіппен электрондық тәсіл арқылы жүзеге асыруға құқылы. Салықтық қызмет өзара тығыз байланысқан құқықтық және экономикалық қатынастардың жүйесінен тұрады.

Салықтық қызметті жүзеге асыру барысында салықтардың экономикалық мән-жайын білдіретін фискальдық, қайта бөлу, бақылау және реттеуші функциялары да өз рөлін атқарады. Мемлекет атынан жүзеге асырылатын салықтық қызмет тек құқықтық негізге сүйене отырылып атқарылады. Салықтық қызметтің құқықтық негіздеріне, бірінші кезекте Қазақстан Республикасының Конституциясы, арнайы қаржылық, салықтық заңдар мен басқа да нормативтік құқықтық актілер жатады [1].

Біздің ойымызша, нарықтық экономика кезінде дұрыс әрекет ету үшін салықтық қызметтің маңызын, соның негізінде пайда болатын салықтық-құқықтық қатынастардың маңызын дұрыс түсіну керек сияқты. Қазақстан Республикасының салық қызметіндегі қалыптасатын қатынастарды реттейтін қаржылық құқық саласы осы қызметтің басты институттарының бірі болып табылады. Ондай қызмет нарыққа өту кезіндегі жаңа салықтық саясатты анықтайтын экономикалық заңдармен көрініс табады.

Мәселенің зерттелу деңгейі. Қарастырылып отырған ғылыми зерттеуде Қазақстан Республикасының салық қызмет органдары мен оны жетілдіру мәселесі қарастырылған. Бұл тақырып бойынша зерттеулер мынадай қазақстандық ғалымдар еңбектерінде көптеп кездеседі: А.А. Нұрымов, С.А. Шоимбаева, А.Т. Исаева, І.Ж. Нарғозиев, С. Құлпыбаев, Н.Қ. Мамыров, В.Д. Мельников, У.Б. Баймұратов, А.Б. Зейнелғабдин, У.М. Исаков, Қ.Қ. Ильясов, Б.Ж. Ермекбаева, М.Ж. Арзаева, М.Т. Құлжабаева, О.Т. Бурабаев, А.Д. Үмбеталиев, Ғ.Е. Керімбек және т.б.

Бұл ғалымдардың еңбектері салық жүйесінің қалыптасуы мен оның дамуы және салық салу теориясы мен методологиясын зерттеуде ауқымды үлесін қосты. Қазіргі кезде салық жүйесі мен салық салуды жетілдіру және модернизациялаудың теориялық, тәжірибелік және методологиялық аспектілері толық-қанды зерттелген деп айтуға келмейді.

Жұмыстың мақсаттары мен міндеттері. Магистрлік жұмыстың мақсаты - Салық қызметі органдары жұмысының тиімділігін бағалау, мемлекеттік бюджеттің кіріс көзін қалыптастырудағы алатын орны мен атқаратын рөліне баға беріп, ол бойынша жетілдіру жолдарын ұсыну.

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін келесі зерттеудің міндеттері қажет:

- Салық қызметін ұйымдастырудың құқықтық негіздерін қарастыру;
- Салық қызметінің қалыптасуы, даму тарихын зерттеу және экономикалық мазмұнын ашу;
- Шет мемлекеттерде салық қызметін ұйымдастыру ерекшеліктерін анықтау;
- Қазақстан Республикасы салықтардың мемлекеттік бюджетті толтырудағы ролін көрсету;
- Қазақстан Республикасы салық қызметінің 2015 – 2017 жылдардағы бақылау – экономикалық жұмысына талдау жасау;
- 2015 – 2017 жылдардағы Семей қаласының мемлекеттік кірістер басқармасының жұмыс нәтижелеріне талдау жасау;
- Қазақстан Республикасының салық қызметін қалыптастырудағы мәселелерін зерттеу;
- Қазақстан Республикасы салық қызметін жетілдіру бойынша мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын көрсету.

Зерттеу объектісі ҚР салық жүйесі және салықтық салық қызмет органдарының мен оның даму жағдайлары болып табылады.

Зерттеу пәні - Қазақстанда салық қызмет органдарының салық төлеуші арасында туындайтын қаржылық қатынастар.

Зерттеудің әдістемелік және теориялық негізі отандық және шетелдік экономистердің еңбектері, Қазақстан Республикасы Үкіметінің заңнама актілері, «Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» ҚР Кодексі құрайды. Зерттеу процесінде ретінде отандық және шет елдік ғалым экономистердің еңбектері, мерзімдік арнайы басылымдар және салық салу саласындағы отандық заңнама, салық қызмет органдарының заң тұрғысында қамтамасыз ететін басқа да заңдық – нормативтік актілер және ҚР Қаржы Министрлігі Мемлекеттік кіріс басқармасының сандық мәліметтері, монографиялық және статистикалық материал, экономикалық, ғылыми-техникалық және бұқаралық ақпарат құралдарының жарияланымдары пайдаланылды.

Зерттеу жұмысының ақпараттық базасына ретінде ҚР Президентінің жарлықтары, ҚР Үкіметінің қаулылары, басқа да нормативтік құжаттар, ҚР Статистика жөніндегі комитетінің, Қаржы министрлігінің материалдары, салық органдарының есептері, сондай-ақ факторлық, салыстырмалы және статистикалық талдау негізінде алынған талдамалық зерттеу материалдары пайдаланылды.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы салық органдарының қызметін ұйымдастыру аспектілерінің теориялық және практикалық мәселелерін кешенді зерттеу және қызмет ететін салық жүйесін, салықтық механизмін, онда кездесетін мәселелері мен келешектегі әлеуетін қарастыра отырып, жетілдіру жолдары бойынша ғылыми негізделген нұсқаулар мен ұсыныстарды әзірлеу.

Өткізілген зерттеуді топшылай отырып, бірқатар жаңалық ретінде мұнадай нәтижелер алынды:

- қазіргі таңдағы Қазақстанның салық жүйесі мен салық салуды ұйымдастырудың аспектілері мен ерекшеліктерін зерттей отырып, ондағы кездесетін мәселелер анықталды;

- шет мемлекеттердің салық жүйесі мен салық салуды ұйымдастыру ерекшеліктеріне шолу жасалынып, біздің мемлекеттің салық жүйесінде шетелдік тәжірибені қолдану мүмкіндіктері қарастырылды;

- нарықтық қатынастар жағдайында елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына байланысты салықтарға талдау жасау арқылы салық жүйесінің тиімділігі бағаланды; - Қазақстандағы салықтық әкімшіліктендіруді жетілдіру жолы қарастырылған.

Қорғауға шығарылатын тұжырымдардың ғылыми маңыздылығы:

Ғылыми маңызды қорғауға шығарылатын тұжырымдарға келесілер жатады:

- салық органдарының қызметі реформалануы қажеттілігі мен даму кезеңдерінің жүйелендірілген үлгісі;


- ҚР-да салық әкімшілігін, салық қызметін және жалпы салық салу жүйесін жетілдіру жөніндегі бағыттар.

Алынған нәтижелердің теориялық және практикалық маңыздылығы. Қазақстандағы салық органдарың жетілдіру жолы қарастырылған. Оның негізгі ережелерін, қорытындылары мен ұсыныстарын іске асыру жағдайын арттыруға септігін тигізеді, сондай-ақ жалпы салық жүйесінің тұрақтылығын нығайтуға және сенімділігін қолдауға ықпал етеді. Ғылым жұмыстың теориялық және практикалық бөлімдері экономика оқу орындарының, қайта даярлау және мамандардың біліктілігін жетілдіру институттарының оқу үдерісін ұйымдастыру барысында қолдануға болады.

Басылымдар. Диссертациялық зерттеу жұмысының тақырыбы бойынша жалпы мөлшері 0,87 б.т. болатын 2 жұмыс жарияланды (Қазіргі кездегі Қазақстан Республикасындағы салық қызметінің жұмыс нәтежелері және оның даму болашағы// Материалы международной научн.-практич. конференции магистрантов (PHD), молодых ученых "Наука и современность". - Семей : КИУ, 19.04. 2017 г. - С. 285-288., Салықтық әкімшілендіру нысандары мен әдістерін бағау және қазіргі кезеңде оларды жетілдіру// Материалы междунар. науч.-практич. Конференции магистрантов, докторнгов и молодых ученых "Актуальные проблемы современной науки". - Семей, 24.04.2018. - С. 279-284.,

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ


Салық қызметтеріне қанағаттанушылық бойынша 2016 жылмен салыстырғанда қанағаттану көрсеткішінің төмендегені байқалады (есептеу әдістемесінің өзгешелігіне байланысты; 2017 жылы бизнеске арналған қызмет бойынша - 81%, ал 2016 жылы - 87%), дегенмен әдістемені «қатандатуға» қарамастан халыққа арналған қызметтер бойынша көрсеткіштің артқаны байқалады (2017 жылы - 88%, 2016 - 86%).



Сурет 1- Жылдар бойынша салық қызметтерімен қанағаттанушылық, үлесі

2017 жылы тұтынушылар ақпаратпен аз қанағаттанған. 2011 жылмен салыстырғанда қанағаттанушылық деңгейі төмен – бизнеске арналған қызметтер бойынша - 72,7, тұрғындар үшін - 76,8.

Сыбайлас жемқорлық немесе салық қызметтерін алу барысында астыртын сыйақылар берген сұхбаткерлердің үлесі 2016 жылдың нәтижелерімен (бизнес 1,1% және тұрғындар 1,9%) салыстырғанда төмендеген (бизнес 0,7%, тұрғындар – 0,8%).



Сурет2 - Бейресми сыйақы бергендер, %

Ескерту – аналитикалық мәліметер негізінде жинақталған, [www.kgd.gov.kz](http://www.kgd.gov.kz)

Салық жүйесінің фискальдық әлеуеті негізінде мемлекеттің бюджеттік жүйесінің тиімді әрі тұрақты жұмыс істеуі Қазақстан Республикасының қазіргі заманғы даму ерекшеліктері мен халықаралық стандарттар — талаптарға сай қоғамдық – мемлекеттік және корпоративтік (және жекеменшік) мүдделердің балансын (тендестірілуін) көздейтін ұтымды құқықтық механизмге, яғни салықтық, сондай-ақ бюджеттік-құқықтық реттеу әдістерінің өркениетті тиімділігіне тікелей байланысты болады.

Отандық салық салу жүйесін құрайтын, бюджетке салықтар мен міндетті төлемдер әр түрлі белгілерімен жіктеледі, тікелей және жанама болып бөлінеді. Салықтар мен басқа да міндетті төлемдер сомасы ҚР «Бюджет жүйесі туралы» Заңымен белгіленген тәртіпке сәйкес және сол жылға сәйкес республикалық бюджет табысына түседі.

Еліміздің бюджетінің кіріс көзінің 90 пайызы салықтардан тұратынын белгілі. Ел экономикасы дамып, мемлекеттің кіріс көзі ұлғайған сайын салықтық түсімдердің де өсіп отырғаны байқалады. Себебі салықтың экономикалық табиғаты өндіріске байланысты. Өндіріс бар жерде табыс бар, одан алынатын салықтар да бар.


Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті кірістер мен шығыстардан тұрады.

Сурет 3- 2015-2017ж. Мемлекеттік бюджет кірісіндегі негізгі салықтық түсімдердің өсу қарқыны, млрд.тг.

	2015ж	2016ж	2017ж	Өсу қарқыны (алдыңғы жылмен салыстырғанда, %)		
				2015ж	2016ж	2017ж
Салықтық түсімдер	4779,0	5115,7	4883,9	116,7	107	95,47
Корпорациялық табыс салығы	1032,7	1169,6	1224,6	99,19	113,3	104,7
Жеке табыс салығы	492,9	552,3	598,8	112,4	112	108,4
Әлеуметтік салық	380,4	427,9	464,7	111,6	112,5	108,6
Мүлік кесалынатын салықтар	142,4	173,1	208,9	111,7	121,6	120,7
Жер салығы	14,1	14,3	14,9	108,5	101,1	104,4

Көлік құралдарына салынатын салық	36,0	38,8	42,3	116,4	107,8	108,8
Қосылған құн салығы	1327,6	1198,2	944,4	145,2	90,25	78,82
Акциздер	103,6	147,1	161,1	111,3	141,9	109,5
Ескерту – ҚР ҚМ мемлекеттік кірістер мәліметтері						

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті, республикалық және жергілікті бюджеттердің негізінде құралады. Яғни, бюджеттің кірісі барлық салықтық түсімдерден құралады. Салықтық түсімдердің құрамы тура және жанама салықтардан тұрады. Келесі слайтта салық түсімдердің үлесін көре аласыздар, ең ірі түсім ҚҚС пен КТС алып отыр, себебі салық түсімдердің базасы кен болып келеді



Сурет 4- 2017 жылғы I тоқсанда мемлекеттік бюджеттің салық түсімдерінің атқарылуы  
Ескерту – ҚМ мемлекеттік кірістер комитеті мәліметтері

Әрине, әрбір жаңалық кімнің болмасын түсінбеушілігі мен кірпияздығын тудырады. Сондықтан ҚР ҚМ мемлекеттік кірістер басқармасы егер кәдімгі салық есептілігін электронды түрде тапсыратын болса, онда оның мерзімін ұзартуға мүмкіндік берілетін бұйрық шығарды.

Біріншіден, салық есептілігінің нысандарын камералы бақылау түрі салық тексеруі болып табылмайтындығын бірден айта кетейін. Бұл тікелей салық органында салық есептілігіндегі қателер мен қайшылықтарды салық тексеруін жүргізбей анықтайтын, керісінше, салық төлеушіге көрсететін қызмет түрі. Демек, салық төлеушілер үшін әкімшілік айыппұлдар салынбайды. Бұдан тыс, автоматтандырылған камералы бақылау ҚҚС әкімшіліктендіруді, оның ішінде “бір күндік” фирмалар мен жалған фирмалар берген жалған шот-фактураларды айқындауды күшейтеді.

Салық есептілігінің нысандарын камералы бақылау бүгінгі таңда тек салық органдары үшін емес, жалпы республика үшін жетістік болып табылады. Тап қазір ЕурАзЭҚ-қа мүше барлық елдердің ішінде мұндай рәсімнің тек біздің елде ғана жүргізіліп отырғанын айта кету керек.



Сурет 5- ҚР салық органдары және халқ аралық рейтинг жүесі  
Ескерті – ҚР ҚМ мәліметері

2015 жылдың 1 қазанындағы жағдай бойынша салық органдары салық заңнамаларын бұзушылықты өз бетімен жою туралы салық төлеушілерге 93676 хабарлама таратты. Бұл ретте салық төлеушілер салық есептілігінің 39788 қосымша нысандарын өздері тапсырды, яғни жалпы сомасы 536,4 млн. теңге ҚҚС есептелді [6, 116].

2017 жылдың 9 айы үшін салық төлеушілер салық есептілігінде көрсеткен залалдар сомасы 12,3 млрд. теңгеге кемітті.

2015 жылғы 18 мамырда Астанада ҚР Үкіметі және ҚХР Үкіметі арасында қылмыспен күресте ынтымақтастық туралы Келісімге қол қойылды, онда екі елдің құзыретті органдарының қылмыстық қызметтің барлық түрлерімен, оның ішінде экономикалық, күресте ынтымақтастық қарастырылған.

суретте көріп тұрғанымыздай салық органдарының қызметі 189 мемлекетер арасында 18 орынды иеленді



Сурет 6- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің құзыреті шегінде DoingBusiness көрсеткіштері

Ескерті – ҚР ҚМ мәліметері



Салық органдарының жұмысының бір бөлігі ол салық төлеушілерді тіркеу. Жалпы Семей қаласы бойынша бүгінгі күнде тіркелген салық төлеушілер 27551 салық төлеуші, оның ішінде 5040 заңды тұлға және 22439 жеке тұлға (кесте 2). Егер өткен жылдармен салық төлеушілердің санын салыстырып қарайтын болсақ, бүгінгі күнде жағдай тұрақтанды. 2016 жылы 2015 жылмен салыстырғанда салықтөлеушілер саны төмендеген, бұл әсіресе заңды тұлғаларға қатысты болды. Бұған себеп ретінде бүкіл әлемді жайлаған қаржы дағдарысын атап кеткен орынды.

Кесте 1- Семей қаласы бойынша салық төлеушілердің сандық және сапалық құрамы

Тіркеуде тұрған салық төлеушілер, жалпы	2014 ж	2015 ж	2016 ж	2017 ж
Соның ішінде:				
- заңды тұлғалар	4741	8448	4958	5040
- жеке тұлғалар	16938	18191	20672	22439

Ескерту – Семей қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының мәліметтері негізінде автормен жасалған

Ел экономикасының өнімділігі мен оны әртараптандыруды арттыру, әлеуметтік-экономикалық дамудың басым міндеттерін шешу мақсатында салық-бюджет саясатының тетіктерін жетілдіру.



Слайд 7- Салық саясатың тиімді жүргізу факторлары

Ескерту- ҚР ҚМ МКК мәліметтері негізінде құрастырылған

Жалпы алғанда, біздің ойымызша, салық жүйесін жетілдірудің негізгі бағыттары келесідей:

- салық жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету;
- салық жүйесін максималды жеңілдету, заңдардан және біркелкі емес түсіндірмесі бар нормалардың нұсқауларынан шығарып тастау;
- салықтық күштемені салық ставкаларын төмендету жолымен жеңілдету, салық алудың орынды деңгейін қамтамасыз өту;
- тікелей және тікелей емес салықтардың оптималды үйлесімі.

Салық салудың қолданыста жүйесін талдау мен бағалау және әлемдік тәжірибе негізінде елдегі іскерлік белсенділіктің өсуін ынталандыру мақсатында мыналар көзделеді:

- орта мерзімді кезеңде салық ауыртпалығын заңды тұлғалардың кірістерінен, жеке тұлғалардың кірістеріне халықтың әлеуметтік осал топтарына жүктеме деңгейін

арттырмастан кезең-кезеңімен қайта бөлу бойынша салық заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар дайындау;

- кедендік және салық әкімшілігін жүргізу;
  - салық және кедендік рәсімдерді одан әрі оңайлату және олардың ашықтың арттыру;
- Мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттарын тиімді шешуге арналған бюджет шығыстарын бағдарлау үшін мыналар көзделеді:

– стратегиялық, орта мерзімді және бюджеттік жоспарлаудың мақсаттары мен міндеттерін ықпалдастыру;

- бюджетті жоспарлау және атқару процесін бюджеттік шыстардың тиімділігі мен нәтижелілігіне, тиімсіз шындарды қысқартуға бағдарлау; бюджетті қалыптастыру мен атқару процесінің ашықтың қамтамасыз ету; бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне бюджеттік тәртіпті сақтау бойынша қойылатын талаптарды күшейту;

- бюджет ақшасын (қолма-қол ақшаны) басқарудың сапасын арттыру.

Нәтижелері. Салық-бюджет саясаты тетіктерінің, бюджет шыстарының тиімділігін арттыру, мемлекеттің қаржылық міндеттемелерін толық орындау.

Салық саясаты елде іскерлік белсенділіктің өсуін қолданыстағы салық салу жүйесін және әлемдік тәжірибені талдау және бағалау негізінде ынталандыру мақсатында экономикаға салық жүктемесін оңтайландыруға бағытталған салық саясатын жүргізу қарастырылады.

Осы мақсатта мыналар бойынша ұсыныстар дайындалады:

- орта мерзімді кезеңде салық ауыртпалығын заңды тұлғалардың кірістерінен жеке тұлғалардың кірістеріне халықтың әлеуметтік осал топтарына жүктеме деңгейін арттырмастан кезең-кезеңімен қайта бөлу бойынша салық заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- кедендік және салықтық әкімшілендіруді жетілдіру;
- салық және кедендік рәсімдерді одан әрі оңайлату және олардың ашықтығын арттыру;
- 2014 жылдан бастап экономиканың шикізат емес секторында шағын және орта бизнестің жобалары бойынша инвестициялық салықтық преференциялар алудың хабарлау жүйесін енгізу.

Бұдан басқа, Қазақстанның ДСҰ-на кіру жұмыстары шегінде отандық және импортталатын тауарларға акциздер ставкаларын біріздендіруді жүргізу, сондай-ақ ұлттық заңнаманы ДСҰ ережелеріне сәйкес келтіру көзделіп отыр.

Сонымен қорытындылай келе Қазақстан Республикасының салық қызметін жетілдіру келесі бағыттарда жүргізілуі қажет деген негіз туындалады:

- Салық қызметі органдарының қызметін жетілдіру, қатаң талап қою. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» туралы Заң негізінде семинар-тернигер өткізу.
- Қаржы тексерулер комитетінің қызметін күшейту, олардың салықтық қылмыстарды анықтап шара қолдануды конкурстық негізде өткізу.
- Жұмыстың қорытындысы бойынша сыйақылар тағайындау.
- Бұқаралық ақпарат құралдарын кеңінен пайдалану. Ай-сайын теледидардан тікелей эфирде салық төлеушілермен сұхбат, жарнамалау – роликтер беру.

Ақпараттық технология жүйесінде :

- салықтық біріктірілген ақпараттық жүйесінің мәліметтер базасын одан әрі жетілдіру;
- серверлер мәліметтер базасын құру;
- мониторингтік жүйені толығымен енізу.
- Мемлекет тарапынан шағын және орта кәсіпкерлікпен айналысушыларға отандық тауар өндірушілерге қаржылық қолдау көрсту, несиелендіру
- Салық қызметкерлерінің біліктілігін арттыру. Салық мәдениетін көтеру.
- Дамыған шет мемлекеттердің салық қызметінен іс-тәжірибелер алмасу, халықаралық семинарлар мен конференцияларға қатысу.

Кесте 2- Қазақстан Республикасындағы салық қызметінің дамуындағы мәселелер мен шешеу жолдары

Мәселелер	Шешеу жолдары
Салық қызметіндегі салық заңдылықтарының сақталмауы. Жемқорлық.	Салық қызметі органдарының қызметін жетілдіру, қатаң талап қою. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» туралы Заң негізінде семинар-тренингтер өткізу. Қызметінің нәтижесі бойынша жалақы тағайындау.
Салықтық қызметтегі салықтық ақпараттандырудың әлсіздігі.	Бұқаралық ақпарат құралдырын кеңінен пайдалану. Ай-сайын теледидардан тікелей эфирде салық төлеушілермен сұхбат, жарнамалау – роликтер беру.
Салық қызметі органдарында электронды есеп беру немесе арнайы мәліметтер қорының толық жетілдірілмегендігі.	Ақпараттық технология жүйесінде : – салықтық біріктірілген ақпараттық жүйесінің мәліметтер базасын одан әрі жетілдіру; – серверлер мәліметтер базасын құру; – мониторингтік жүйені толығымен енізу.
Банкротқа ұшыраған кәсіпорындар, салықтарды және басқа төлемдерді төлемдер бойынша бюджетпен есеп айырысу мүмкіндігі жоқ шаруашылық жүргізуші субъектілердің санының көбеюі.	Мемлекет тарапынан шағын және орта кәсіпкерлікпен айналысушыларға отандық тауар өндірушілерге қаржылық қолдау көрсету, несиелендіру
Салық қызметкерлерінің біліктілігі мен тәжірибесінің төмендігі. Салық қызметіндегі шетелдік тәжірибенің жетіспеушілігі.	Салық қызметкерлерінің біліктілігін арттыру. Салық мәдениетін көтеру. Дамыған шет мемлекеттердің салық қызметінен іс-тәжірибелер алмасу, халықаралық семинарлар мен конференцияларға қатысу.

### Қорытынды

Диссертациялық жұмысты қорытындылай келе төмендегідей ой-тұжырымдамалар жасауға болады.

Жалпы диссертациялық жұмыстың жазылу құрамы кіріспе үш бөлім, жеті сұрақты, сондай – ақ қорытынды, пайдаланған әдебиеттер және бірнеше қосымшаларды қамтып отыр.

Жұмыстың бірінші бөлімінде, қызметінің экономикалық – теориялық негізі, яғни

салық қызметінің экономикалық мазмұны, қызметі және салық қызметін ұйымдастырудың құқықтық негіздері жан – жақты қарастырылып отыр. Бірінші бөлім экономиканы тұрақтандыру және салықтық ынталандырудың теориялық негіздеріне арналған, салық қызметінің әртүрлі елдерде пайда болуы, даму тарихы, салық қызметінің шет елдердегі бағыты мен ерекшеліктері жан-жақты баяндалған.

Екінші бөлімде, қазіргі Қазақстан Республикасының қаржы саласындағы салық қызметінің қалыптасуы, соңғы бірнеше жылдардағы даму кезеңдері, даму жағдайына талдау жасалған және Қазақстан Республикасының салық салу принциптері және салық саясаты қарастырылып отыр. Сондай-ақ, салықтардың мемлекеттік бюджетке түсімінің 2003-2017 жылдардағы үлесіне талдау жасалынды. Сондай-ақ, практикалық іс-тәжірибеден өткен Семей қаласының МКБ қызмет бағыттары қарастырылып отыр.

Үшінші бөлімде, Қазақстан Республикасының салық қызметінің дамуындағы мәселелер мен жетілдірудегі мемлекеттің саясатының бағыттары зерттелінді.

Диссертациялық жұмыстың жазылуы барысында белгілі авторлардың оқулықтары, монографиялары, сондай-ақ газет – журналдар беттерінен алынған мақалалар, маңызды деректер, статистикалық мәліметтер кең ауқымда пайдаланылды.

Диссертациялық жұмыстың жазылуы барысында кездескен маңызды мәліметерге пайдаланған әдебиеттер негізінде бірнеше сілтемелер жасалынып отыр.

Диссертациялық жұмыста қарастырылған сұрақтардың негізінде келесідей қысқаша тұжырымдамалар жасауға болады:

Жоғарыда айтылғандай салық қызметі (салықтар) адамзат өркениетінің әр қилы кезеңдерінде туындап, қалыптасып, дами отырып бүгінде белгілі бір деңгейде дамыған әрбір мемлекеттің мызғымас атрибуты, сол мемлекеттің қандай да болмасын мұқтаждықтарын қанағаттандырудың және әлеуметтік-экономикалық салаларын реттеудің таптырмас құралы ретінде көрініс табуда.

Салықтың белгіленуі, салық салу мемлекеттің құрылысына, қалыптасқан қоғамдық дәстүрлерге, мемлекет экономикасы мен фискальдық саясатының мән-жайына, билік етуші тармақтардың өктем өкілеттіліктерінің демократиялық деңгейіне, нақты қалыптасқан әлеуметтік, саяси және әкімшілік жағдайларға қарай жүзеге асырылады. Былайша айтқанда, салықты мемлекеттің экономикалық әлеуетінің (күш-қуатының) функциясы деп санауға болады.

Мемлекеттің салықтық қызметі Қазақстан Республикасының салық жүйесі ауқымындағы салық салу процесін ұйымдастыруға және салық салуға байланысты барлық мән-жайларды (салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің шамасын және ставкаларын, салықтық төлем сомаларын есептеу және оларды бюджетке төлеу тәртібін, өздеріне қатысты заңи фактілер негізінде салықтық міндеттемелер жүктелген заңды және жеке тұлғалардың шеңберін, салық жүйесінің барынша жұмыс істеу механизміндегі фискальдық және реттеуші функциялардың өзара іс-әрекетін, сондай-ақ олардың балансты болуын) қамтамасыз етуге бағытталған, салықтық заң актілеріне негізделген, мемлекеттің объективті экономикалық қызметі болып табылады.

Салықтар мемлекеттік кірістің (бюджеттің) ең мол түсім көздері болғандықтан олар қандай болмасын мемлекеттің өсіп-өркендеуінің материалдық негізі болып есептелінеді. Сондықтан салықтық қызмет мақсатының басты бағыты салықтардың көмегімен бюджетке кірістерді тарту арқылы мемлекеттің қазынасын қалыптастыру және мемлекеттің функциялары мен қоғам мүдделерін ақшалай қамтамасыз ету болып табылады.

Сондықтан салық салу қызметінің әділеттілік, икемділік, ұтымдылық, үнемділік, қарапайымдылық, айқындылық, бәсекелесуге қабілеттілік принциптері негізінде шынайы және тұрақты көрініс табуы үшін:

- түсінікті, айқындалған және ақтандақтарсыз салық заңдарын қабылдау арқылы бірыңғай салықтық құқықтық базаны құру;
- салық әкімшілігін жүргізу тәртібін жақсарту және салықтық құқық бұзушылық

үшін жауапкершілік қолдану жүйесін жетілдіру жолымен салық жүйесін ұтымдыландыру;

– мемлекеттің салық жүйесін нарықтық - әлеуметтік талаптарға сай ұтымды ықшамды қалыптастыру негізінде жалпы мемлекеттік және корпоративтік-жекеше мүдделерді ұштастыру және олардың мүмкіндігінше тендестірілуін қамтамасыз ету;

– салық жүйесін құрудың негізгі принциптері мен басты қызмет функцияларын белгілеп, айқындау арқылы жеке кәсіпкерліктің дамуына және инвестициялық қызметтің ойдағыдай жүргізілуіне ат салысу;

– салық элементтерін, салықтық міндеттемелерден туындайтын міндеттер мен құқықтарды, салық органдары мен салық төлеушілердің құқықтық жағдайларын өте мұқият белгілеу;

– салық заңдарын жетілдіру арқылы нарықтық экономиканың бастамасы, ажырамас бөлігі және арнайы аясы кәсіпкерлікті, оның ішінде шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға қажетті арнаулы салық режимін белгілеу, сондай-ақ арнайы экономикалық аймақтар мен сыртқы экономикалық қызмет аясында жеңілдетілген салық салу жүйесін қалыптастыруға байланысты жаңаша сипаттағы заңдар қабылдау;

– салықтық есепке қоюды, мол табыс өкелетін салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілерді есепке алуды жетілдіру және салықтық бақылауды тиімді, пәрменді әрі әділетті жүргізу барысында мемлекеттің салық жүйесінің халықаралық стандартқа барынша жақындауын қамтамасыз ету тәрізді міндеттерді жүзеге асыру қазіргі заманғы салық салудың құқықтық реттеу механизмін жетілдіру концепцияларының мәселелерін шешуге септігін тигізеді.

Мемлекеттің салық жүйесінің фискальдық өнімділігі мен макроэкономикалық сапасы:

1) салық салу аясындағы экономикалық субъектілердің экономикалық-қаржылық мүдделерін сақтау;

2) шағын кәсіпкерлік субъектілеріне арналған арнаулы салық режимін қолдану;

3) негізгі құралдар мен жаңа технологиялар енгізетін шетелдік және отандық инвесторларға экономикалық негізделген салықтық ынталандырымалар, соның ішінде инвестициялық салық преференцияларын беру;

4) республикалық, бюджеттің салықтық кірістерін ұтымды қалыптастыру тұрғысынан әр салық жылында нақтылы қолданылатын тікелей және жанама салықтардың аралық қатынастарының тиімділігін көздеу;

5) салық әкімшілігін жүргізу негізіндегі заң актілерін жетілдіру;

6) салық жүйесінің фискальдық және реттеуші функцияларының паритетіне қол жеткізу мәселелерін және т.б. мән-жайларды шешу барысында қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Республикасының қазіргі заманғы салық қызметін ұйымдастырудың экономикалық және заңи принциптерінің кешені экономикалық - әлеуметті тұрғыдан өнімді және икемді салық жүйесін құруды көздейді, сондай-ақ салық әкімшілігінің ұтымды жүргізілуін және салықтық құқықтық қатынастардың фискальдық тиімділігінің заңдылық шегінде дамуын негіздейді.

Мемлекеттің салық қызметінің мақсатты бағыты нақтылы белгіленген, экономикалық және заңи принциптер негізінде ұйымдастырылған біртұтас құрылым ретінде объективті экономикалық қыйсындылыққа, сондай-ақ Салық кодексінде күні бұрын айқындалған режимде және Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің салықтық ереже-қағидаларына сәйкес жұмыс істейді.

Мемлекеттің салық жүйесінің негізіндегі принциптер салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің түрлерін тандау, жекелеген салықтар мен міндетті төлемдер бойынша салықтық міндеттемелердің және салықтық іс-әрекеттер тактикасының әділетті және рентабельді болуын бағалау барысында қалыптасады.

Мемлекеттің салық жүйесінің фискальдық әлеуеті әрқашанда Қазақстан Республикасының салық заңнамасы мен кезекті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңдағы салықтық міндеттемелердің экономикалық-қаржылық мән-жайын

көрсетеді. Мемлекеттің кірістері мен шығыстарының бюджеттік байланысы және фискальдық жай-күйі мемлекеттің салық жүйесіне тікелей байланысты болады.

Қазақстан Республикасының қазіргі Салық кодексі мемлекеттің даму ерекшеліктері мен нарықтық экономика талаптарына, халықаралық салықтық құқық стандарттарына сай келетін салық жүйесін құруға және оны дамытуға зор ықпалын тигізеді, сондай-ақ ол осы жүйенің құқықтық негізін қалыптастыра отырып тиісінше жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Осы орайда, салықтық құқықтың мән-жайын зерделеу тұрғысынан салық төлеушілер мен фискальдық әкімшілік жүргізуші органдардың салықтарға және салық салуға қатысты құжаттары мен міндеттерін біртіндеп жаңаша жолға қою және өркениетті экономикалық заңи принциптер негізінде мемлекеттің салық жүйесі мен салықтық құқығын халықаралық стандарттарға мейлінше жақындату процесінің айтарлықтай өзекті теориялық проблемалары туындап отыр. Салықтар мемлекеттік бюджетке заңды және жеке тұлғалардан белгілі бір мөлшерде және мерзімде түсетін міндетті төлемдер болып табылады. Салықтар шаруашылық жүргізуші субъектілердің, жеке тұлғалардың мемлекетпен екі арадағы мемлекеттік орталықтандырылған қаржы көздерін құруға байланысты туындайтын қаржылық қатынастарды сипаттайтын экономикалық категория.

Мемлекет салық қызметін экономиканы дамыту, тұрақтандыру барысында қуатты экономикалық тетік ретінде пайдаланады.

Мемлекеттің бюджет жүйесінің аса маңызды құраушы негізі мемлекеттің салықтық құқығының көмегімен мәжбүрлеу арқылы алынатын міндетті төлемдер – салықтар, алымдар, баждар, төлемақылар және т.б., яғни жинақтап айтқанда салықтық түсімдер болып есептеледі. Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің экономикалық – құқықтық маңызы олардың төленілуіне байланысты туындайтын қаржылық-экономикалық және құқықтық қатынастарда, яғни салық төлеушілердің мемлекетке салықтық төлемнің затын (сомасын) берулері кезінде салық заңдарымен белгіленген салықтық құқықтық қатынасқа қатысушы мемлекет пен салық төлеушілердің арасында туындайтын қатынастарда жарқын көрініс табады. Салықтар экономикалық және әлеуметтік – саяси қатынастарды өзінің бойында жинақтаушы күрделі әрі қоғам өмірінің көп аспектілі қаржылық – құқықтық құбылысы болып табылады. Сондықтан ол өзіне тән көптеген айрықша белгілерімен ерекшеленеді.

Мемлекеттің салықтық қызметі ауқымында жүргізілетін салық әкімшілігі макроэкономикалық өсу тұрғысынан және халықаралық салық салу стандарттарының өркениетті үлгілеріне сай қоғам мен мемлекеттің, сондай-ақ корпоративтік шаруашылық (ішінде жеке меншік негізіндегі жекелей кәсіпкерлік қызмет) субъектілерінің экономикалық – қаржылық мүдделерінің балансты болуын көздейді және соны қамтамасыз етуге атсалысады.

## ДИССЕРТАЦИЯ ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША ЖАРИЯЛАНҒАН ЕҢБЕКТЕР ТІЗІМІ

1) Қазіргі кездегі Қазақстан Республикасындағы салық қызметінің жұмыс нәтижелері және оның даму болашағы// Материалы международной научн.-практич. конференции магистрантов (PHD), молодых ученых "Наука и современность". - Семей : КИУ, 19.04. 2017 г. - С. 285-288.,

2) Салықтық әкімшілендіру нысандары мен әдістерін бағау және қазіргі кезеңде оларды жетілдіру// Материалы междунар. науч.-практич. Конференции магистрантов, докторнтов и молодых ученых "Актуальные проблемы современной науки". - Семей, 24.04.2018. - С. 279-284.,

**Төлеубекова Еркежан Мұратқызы**  
**«Оценка деятельности органов налоговой службы и пути его оптимизация»**  
**Специальность: 6M050900 – «Финансы»**

**РЕЗЮМЕ**

**Актуальность темы исследования:**

С помощью налогов государство действительно способно создать благоприятные и конкурентоспособные условия для одних сфер либо наоборот ограничить деловую активность хозяйствующих субъектов других сфер. Управляя механизмом налогообложения, вводя или отменяя разные виды налогов, формируя методические основы исчисления налогооблагаемой базы, меняя налоговые ставки, предоставляя или отменяя налоговые льготы, государство может активно воздействовать на стимулирование или ограничение предпринимательской деятельности, что прямо повлияет на темпы экономического роста в стране. Эту двойственность влияния налогов на предпринимательскую деятельность необходимо учитывать в процессе осуществления экономических преобразований, и в первую очередь в ходе проведения налоговых реформ.

**Объект исследования:** деятельность органов налоговой службы по сбору и уплате налогов с субъектов малого и среднего бизнеса в Республике Казахстан.

**Цели и задачи исследования:** Целью данной работы является раскрытие сущности органов налоговой службы и на основе проведенного анализа выработка конкретных решения по совершенствованию налоговой службы.

**Научная новизна работы** заключается в том, что на основе проведенного анализа функционирования органов налоговой службы определены основные тенденции и механизмы совершенствования деятельности налоговой службы на современном этапе.

**Практическая значимость работы** заключается в возможности применения механизмов оценки деятельности налоговой службы в практической деятельности налоговых органов и на лекционных занятиях при преподавании финансовых дисциплин.

**Telebekova Yerkezhan Muratzyzy**

**The effectiveness of indirect taxation  
and its development prospects  
(State Institution "State Revenue Management" materials Semey)**

**6M050900 - Finance**

**Volume and structure of the dissertation.** Thesis is presented on 95 pages of the typewritten text, consists of an introduction, three chapters, conclusion, list of references, including 38 items, 8 tables, 3 and 5 of the drawing application.

**Keywords:** Tax, tax, tax system, taxpayer, value added tax, excise tax, indirect taxes, special payments, arrears, revenue, tax administration, collection, tax calculation, declaration, calculation, vehicle tax.

**Relevance of the research topic.** Taxes levied by the state on the population, perform functions inherent taxes in general. But they serve as a means of communication of a citizen, the individual, and the state or local governments, reflect his individual involvement in state and local affairs, allow yourself to feel active members of society in relation to these cases, provide a basis for monitoring them, as well as the responsibility of the state and local governments to taxpayers. Of course, this aspect can be considered and the relationship with the state, but it is with the citizens it is particularly well because of its direct relationship with them.

**The purpose and objectives of the study,** the aim of the thesis is the study and analysis of the practice of calculation of indirect taxes in the Republic of Kazakhstan, the analysis of their revenue in recent years, and on this basis to identify existing problems and to develop measures to address them.

The objectives of the thesis are:

- To reveal the economic content of indirect taxes;
- Consider international experience of calculation and collection of indirect taxes;
- To study and analyze the practice of calculation and receipt of indirect taxes in the budget;
- To investigate the practice of tax control of tax authorities for the correct calculation and timely receipt of indirect taxes;
- An analysis of the problems associated with the calculation and collection of indirect taxes in the budget, and developed measures to improve the mechanism of collection and calculation of indirect taxes.

**Object of study.** The object of research is the system of financial relations between the state and taxpayers about the latest calculation and payment of indirect taxes to the state budget.

**The subject of the research** tax relations between public authorities and payers of indirect taxes.

**Theoretical and methodological basis of the study.** The basis of the research served as a general theory of taxes and taxation, the theory of the organization of tax control, scientific works of Kazakh, Russian and foreign economists on problems of the theory and practice of indirect taxation, as well as the provisions of the Tax Code, the laws and regulations of the Republic of Kazakhstan and dr.gosudarstv.

According to the research results 2 scientific papers totaling 0,8 printed sheets have been published.

Қазақстан инновациялық университеттің баспасында теріліп шығарылған

071400, Семей қ. Байсеитов қ.т.56-22-23

<http://www.info@kiu.kz/>